

"Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын үйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 362 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 383 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 шілдеде № 15369 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын үйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 362 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6472 болып тіркелген, 2010 жылғы 19 қазандан "Егемен Қазақстан" газетінде № 429-432 (26275) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын үйымдастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының жұмысын үйымдастыру ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі*

*Ж. Қасымбек*

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 26 маусымдағы  
№ 383 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
міндеттін атқарушының  
2010 жылғы 13 тамыздағы  
№ 362 бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын үйымдастыру қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органдарының көліктік бақылау бекеттерінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары, қалалар немесе өзге де елді мекендер

шегіндегі автомобиль жолдары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген оның құзыреті шегінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындаиды.

3. Комитеттің аумақтық органдарының көліктік бақылау бекеттерінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнама талаптарының, Қазақстан Республикасымен ратификациялаған халықаралық шарттардың сақталуын, автомобиль жолдарының, жол құрылыштарының сақталуын және олармен жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Комитеттің аумақтық органдарының көліктік бақылау бекеті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарының жүріп өтуін мемлекеттік бақылауды жүргізуге байланысты қызметі автомобиль тасымалдары саласындағы халықаралық шарттармен, Қазақстан Республикасының көліктік және салықтық заңнамаларымен, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексімен (бұдан әрі – ӘҚБТК), "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдарымен, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы Қағидалармен регламенттеледі.

5. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы – метрологиялық салыстырып тексерістен өткен, фото, бейне түсіруді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, көлік құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және (немесе) габариттік параметрлерін және қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық жабдығы;

2) жылжымалы көліктік бақылау бекеті – арнайы автокөлік базасында ұйымдастырылған, техникалық бақылау, байланыс құралдарымен және жабдықпен жарақталған көліктік бақылау бекеті;

3) көліктік бақылау бекеті (бұдан әрі – КББ) – техникалық бақылау құралдарымен жарақтанған, күрделі ғимаратпен немесе арнайы автокөлікпен жабдықталған стационарлы немесе жылжымалы өткізу-бақылау пункті;

4) көлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу – метрологиялық салыстырып тексерістен өткен және тиісті сертификаты бар өлшеу құралы мен көлем шеңберлері, сондай-ақ, стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу

жабдығы немесе жылжымалы мобиЛЬДІ таразылар көмегімен көлік құралдарының габариттік параметрлерін және жалпы массасы мен білікке түсетін жүктемесін айқындау процесі;

5) көліктік бақылау бекетінің ауысымы – аумақтық көліктік бақылау органдарының екі немесе үш қызметкерінен тұратын, бекітілген кестеге сәйкес стационарлық және жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінде қызмет атқару үшін белгіленген ауысым;

6) спутниктік навигация аппаратуrasesы – көлік құралының ағымдағы орналасқан жерін, бағытын және қозғалыс жылдамдығын кемінде екі қолданыстағы жаһандық навигациялық спутниктердің сигналы бойынша оны айқындау, қосымша борттық жабдықпен деректермен алмасу, сондай-ақ, радиотелефон байланысының жылжымалы желілері бойынша ақпарат алмасу үшін автокөлік құралына орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;

7) стационарлық көліктік бақылау бекеті – күрделі ғимаратпен жабдықталған және техникалық бақылау, байланыс құралдарымен және жабдықпен жақтаған көліктік бақылау бекеті;

8) телевизиялық бейнебақылау жүйесі – объектінің жай-күйі туралы көрсетілімдерді алуға арналған техникалық, ақпараттық, бағдарламалық және пайдалану үйлесімділігі бар бірлесіп әрекет ететін техникалық құралдардың жиынтығы.

## **2-тарау. Көліктік бақылау бекеттерін ұйымдастыру тәртібі**

6. Стационарлық КББ жүк құраушы нүктeler, автомагистральдардың қылыштары аймақтарында және негізгі халықаралық көлік дәліздерінде орналасады. Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының аумағында көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша жылжымалы КББ-нің маршруты Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7. Стационарлық және жылжымалы КББ-нің штат саны мен жұмыс ауысымдығын Комитеттің көліктік бақылау инспекциясының (бұдан әрі – Инспекция) басшысы Инспекцияның автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімі бөлген қаражат пен штат санына сәйкес белгілейді.

8. КББ-нің жұмыс режимі кестеге сәйкес айқындалады, онда КББ қызметкерлерінің бақылау атқару күндері мен сағаттары (ауысымдары), сондай-ақ, олардың демалуы үшін және тамақ ішуге бөлінген уақыт көрсетіледі.

Жылжымалы КББ-нің жұмыс режимі әртүрлі тәулік сағаттарында, жыл мезгілдерінде көлік құралдары қозғалысының қарқындылығын, көлік құралдары ағымының эпизодтық тәуліктік немесе маусымдық артуын негіздейтін, автомобиль

көлігінде қызмет ететін шаруашылық субъектілерінің жұмыс режимін ескере отырып айқындалады.

9. Стационарлық КББ жұмыс үшін Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесіне сәйкес осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес қажетті жабдықпен және мүлікпен жарақтандырылады.

Жылжымалы КББ жұмыс үшін Жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесіне сәйкес осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес қажетті жабдықпен және мүлікпен жарақтандырылады.

10. Стационарлық және жылжымалы КББ ауысымының жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес әзірленеді және Инспекция басшысы немесе оны алмастыратын адаммен әзірленеді.

Стационарлық КББ тәулік бойы жұмыс істейді.

11. Жылжымалы КББ әрбір ауысымына маршрут карточкасы осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жасалады.

Жылжымалы КББ маршрут карточкасын Инспекцияның автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімінің басшысы немесе оны алмастыратын адам екі данада жасайды, олардың біреуі Инспекцияда сақталады, басқасы жылжымалы КББ ауысымына тапсырылады.

Маршруттың карточкалары күнтізбелік бір жылға дейін Инспекцияда сақталады.

12. Жылжымалы КББ табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін тартылуы мүмкін.

13. Көліктік бақылау органдарының арнайы автокөлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуы тиіс және "Жылжымалы көліктік бақылау бекеті – Передвижной пост транспортного контроля" жазуымен және Комитеттің логотипімен белгіленеді.

14. Жылжымалы КББ-де көліктік бақылауды жүргізу кезінде қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маягі іске қосылып тұруы керек.

КББ қызметкерлері автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде нысанды киім (погонсыз) киуге, олардың нөмірлі омырау белгілері және қызметтік күеліктері болуы тиіс.

15. КББ-де басқа бөгде адамның болуына рұқсат етілмейді.

### **3-тарау. Көліктік бақылау бекеттерінде көліктік бақылауды жүргізу тәртібі**

16. КББ қызметкері көліктік бақылау жүргізуді мынадай тәртіппен қамтамасыз етеді :

1) көлік құралын (жүк автомобильдері, мамандандырылған және арнайы автомобильдер) дауыс зорайтқыш құрылғының көмегімен, ысқырып сигнал берумен бір уақытта жүргізушіге түсінікті және орындалуы авариялық жағдай туғызбайтындей

етіп уақтылы берілуі тиіс көлік құралына бағытталған қол қимылымен немесе жезлмен сигнал беруі арқылы тоқтатады.

2) көлік құралын тоқтату себептерін түсіндіреді және жүргізушінің талабы бойынша танысу және тегі мен лауазымын анықтау үшін қызметтік қуәлігін жүргізуіге берместен, оны көрсетеді;

3) мыналарды сұрайды:

жүргізуі қуәлігін немесе жүргізуі қуәлігінің орнына берілген уақытша қуәлігін және жүргізушінің жеке басын қуәландыратын құжатты;

көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікті не болмаса көлік құралына меншік құқыны туралы қуәландыратын құжатты;

жол парағын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүккүжатты, ілеспе және рұқсат құжаттарды);

4) ілеспе және рұқсат құжаттары үй-жайдағы немесе арнайы автокөлік салонындағы КББ-нің қызметкеріне тапсырады;

5) көлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерін жол жабында немесе көлік құралының барлық біліктерінің біркелкілігін қамтамасыз ететін басқа аланда, нақнұсқаларды қолдана отырып, өлшеуді жүргізеді, оның нәтижесі бойынша дереу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) автокөлік құралының параметрлерін өлшеу актісі (бұдан әрі – Акт) жасалады. Акт көшірмесі тасымалдауышының талабы бойынша ұсынылады.

17. Үй-жайдағы немесе арнайы автокөлік салонындағы КББ-нің қызметкері:

1) жүк тасымалдарын автомобиль көлігімен жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың болуын және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді;

2) көліктік деректер қоры мен тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингі ақпараттық-талдау жүйесіне тиісті мәліметтер енгізеді;

3) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есепке алу және тіркеу журналдарына тиісті жазба жүргізеді;

4) әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес болмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдана отырып, ӘҚБТК белгіленген тәртіппен және мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуді қамтамасыз етеді.

18. Көліктік бақылау жүргізген кезде КББ қызметкерлері жеке және занды тұлғалармен мыналардың сақтауын қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде:

"Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 болып тіркелген);

"Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген);

"Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүрге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген);

"Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген);

"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

"Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген);

2) тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы 1976 жылғы 21 қарашадағы келісімге сәйкес Халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамға қойылатын талаптарды (Женева 1 қыркүйек 1970 жыл);

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарын сақтауы тұрғысында тексеруді жүзеге асырады;

4) автокөлік құралының Қазақстан Республикасының аумағымен жүргені үшін алым бөлігінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын;

5) "Жол жүрісі қағидаларын, Қолік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысы.

19. Қоліктік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі негізгі іс-қимылдар мыналарды тексеру болып табылады:

1) жүргізушиңің 1, 6 және 7 сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәліктің болуы;

2) ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсаттардың болуы;

3) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың болуы;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарының жүріп өтуіне рұқсат беру құжаттарының болуы;

5) шетелдік тасымалдаушыда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің көліктік (автомобилдік) бақылау органымен, оның аумағымен жүріп өткен көлік құралына берілген хабарлама;

6) Ахуалдық орталықтан келіп түскен әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін мәліметтер.

КББ қызметкерлерімен тексеру осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарымен айқындалған әрекеттерді жүзеге асырғанда жүргізіледі.

20. Көлік құралдарының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, жол берілетін параметрлерден асып кету шамасын айқындау арқылы ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылау мыналарды:

1) өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін;

2) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе жылжымалы мобильді таразыларды;

3) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Метрологиялық салыстырып тексерістен өтпеген немесе метрологиялық салыстырып тексеру мерзімі өтіп кеткен өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін, стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе жылжымалы мобильді

таразыларды, сондай-ақ, арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

21. Стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында және (немесе) жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларда ақпаратты қағаз тасымалдағышқа басып шығару функциясы болған жағдайда КББ қызметкерлері стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында және (немесе) жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларда бекітілген уақыттың дәлдігіне көз жеткізеді, және оған тексеріліп жатқан көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі туралы деректерді енгізеді.

Сұйық жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын өлшеу нәтижелері стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының және (немесе) жылжымалы мобиЛЬДІ таразылардың платформаларына көлік құралының доңғалақтарын қою салдарынан пайда болатын төгілу және (немесе) толқындарды болдыртпайтын жағдайларды қамтамасыз еткеннен кейін тіркеледі.

22. Бақылаудан өтуді ресімдеу жүргізу什і ұсынатын ілеспе және рұқсат құжаттарына КББ-нің мөртабанын осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес мөртабан үлгісіне сәйкес қою арқылы ресімделеді.

23. Бақылаудан өту туралы мөртабан:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес шетел тасымалдаушылар үшін ілеспе құжаттарына және рұқсат құжаттарының екінші жағына (бар болған жағдайда);

2) Қазақстан Республикасының резиденттері болатын отандық тасымалдаушылар үшін жол парагына немесе өзге ілеспе құжатына қойылады.

24. Көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) мынадай:

1) тасымалдаушының талабы бойынша онымен Актіде көлік құралының салмақтық немесе габариттік параметрлерін айқындау нәтижелерімен келіспеу туралы белгі жасалған кезде;

2) арнайы рұқсатта, жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатында, тауар-көлік жүккүжатында және Актіде көрсетілген көлік құралының салмақтық немесе габариттік параметрлері сәйкес болмаған жағдайда;

3) көлік құралының жол берілген параметрлерінің асқанын арнайы автоматтандырылған өлшеу құралымен тіркелген жағдайда жүргізіледі.

Осы тармақтың 1) тармақшасымен көзделген жағдайда көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) көлік құралдарының нақты салмақтық немесе габариттік параметрлерін тексеру және олардың жол берілетін параметрлерден асып кету шамасын айқындауға қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және Актімен танысу сәтінен бастап үш сағаттан ұзақ болмауы керек.

25. Көлік құралының параметрлерін бақылаулық өлшеу көлік құралының жалпы салмағын және біліктік жүктемелерін айқындайтын сертификатталған стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында және (немесе) жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларда жүргізіледі.

Көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) көлік құралының КББ бейнебақылау камераларының көру аймағында болған жағдайда жүргізіледі.

26. Көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) кезінде КББ қызметкерлерімен аудиобейнежазба жүргізіледі, ол Инспекцияда кемінде үш жыл сақталады.

Аудиобейнежазба көлік құралының параметрлерін бақылаулық өлшеу (өлшем) сәтінен бастап, ол аяқталғанға дейін үздіксіз жүргізіледі. Бұл ретте аудиобейнежазба құрылғысын қосу процесінде КББ қызметкері құрылғы уақытының дәлдігіне көз жеткізеді.

Көлік құралының салмақтық параметрлерін бақылаулық өлшеу жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларда жүргізілген кезде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, доңғалақтардың платформаларда тұруын, сондай-ақ, жылжымалы мобиЛЬДІ таразылардың әр платформасына шығарылған біліктік жүктемелерінің цифрлық деректерін тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Көлік құралының салмақтық параметрлерін бақылаулық өлшеу стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында жүргізілген кезде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ, доңғалақтардың платформаларда тұруын тіркеу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте стационарлық КББ ғимаратында көрінетін біліктік жүктемелерінің цифрлық деректерінің жазбасы Ахуалдық орталық қызметкерімен телевизиялық бейнебақылау жүйесі көмегімен тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Көлік құралының габариттік параметрлеріне бақылаулық өлшем жүргізген кезінде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ, өлшеу құралы мен көлем шенберлерін пайдалана отырып, өлшеу барысын тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

27. Көлік құралының параметрлерінің өлшеу (өлшем) талаптарын сақтамау фактілері пайда болған жағдайда Ахуалдық орталық кезекшісі өлшеуді (өлшем) қайтадан жүргізу қажеттілігі туралы нұсқаулар береді.

28. Көлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін басқа КББ-мен өлшеу, осы Қағидалардың 24-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушымен КББ-нің мөртабаны қойылған ілеспе және рұқсат құжатын, сондай-ақ, жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын ұсынған кезде, жүргізілмейді.

29. Өлшеу құралы мен көлем шенберлерінің, стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының және жылжымалы мобиЛЬДІ таразылардың қателігі тасымалдаушының пайдасына ескеріледі.

30. Әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында, оны жасауда күдікті адамның тұлғасын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру оны әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында мүмкін болмаған жағдайда, істің уақтылы және дұрыс қаралуын және іс бойынша қабылданған қаулыны орындауды

қамтамасыз ету үшін КББ қызметкери өз өкілеттігі шегінде ӘҚБТК бекітілген тәртіппен және мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

31. ӘҚБТК кодексінде көзделген бұзушылықтар жасалған кезде көлік құралы арнағы аландарға, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан аландарға жеткізіледі.

32. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде (Салық кодексі) көзделген құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 98 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10480 болып тіркелген) бекітілген қатаң есептіліктегі бланкілер нысанының негізінде алым сомасы қолма-қол ақшалай КББ қызметкерлері қабылдайды.

33. Банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қабылданған қолма қол ақшалай алым сомалары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады (Салық кодексі).

#### **4-тaraу. Көліктік бақылау бекеттерінің Комитеттің Ахуалдық орталығымен өзара іс-қимыл тәртібі**

34. КББ қызметкерлері көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде:

1) кезекшілікке келген уақытта кезекшілікке келетін қызметкерлер туралы (Т.А.Ә а., лауазымы), КББ-нің жабдығы мен мүлкінің тізбесіне кіретін жабдықтардың жай-күйіне, жылжымалы КББ-нің маршруты және ағымдағы жағдайы;

2) тіркелген және ұсталған көлік құралдары туралы;

3) жылжымалы КББ-нің маршрутын ауыстыру қажеттілігі болған жағдайда жоспарланған орындардың орналасу жерін (автомобиль жолының бағыты, километр, елді мекенниң атауы) көрсете отырып;

4) жылжымалы КББ-нің іштен жану қозғалтқышының, трансмиссияның, қозғалыс бөліктерінің және басқа жабдықтар сынған жағдайда;

5) телевизиялық бейнебақылау жүйесінің істен шығуы болған жағдайда;

6) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларының ақаулығы болған жағдайда;

7) осы Қағидалардың 24, 26 және 27-тармақтарында көзделген жағдайларда;

8) штаттан тыс жағдайлар пайда болған жағдайда Комитеттің Ахуалдық орталығына хабарлайды.

Осы тармақтың 4) және 5)-тармақшаларында көрсетілген жағдайлар пайда болған жағдайда КББ-де көліктік бақылауды жүзеге асыруға жол берілмейді.

## **5-тaraу. Автомобиль тасымалдаушыларымен өзара қарым-қатынас және жеке қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету**

35. КББ қызметкерлерінің тасымалдаушылармен өзара қарым-қатынастары зандылықты қатаң сақтауға, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін нақты орындауга, азаматтарға иғі ниетпен және құрметпен қарым-қатынас жасаумен құқық бұзушылықтың алдын алуда және жолын кесуде қатаандықтың, батылдықтың және принципшілдіктің үйлесімділігіне негізделеді.

36. ӘҚБтК көзделген құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту кезінде КББ қызметкерлері бұзушыларға олардың құқықтарын түсіндіреді:

1) материал істерімен танысуға, түсінік беруге, дәлелдемелер ұсынуға, өтініш мәлімдеуге;

2) істі қарау кезінде қорғаушының занды көмегін пайдалануға;

3) ана тілінде немесе өзі білетін тілінде сөйлеу, іс жүргізілген тілде аудармашының қызметін пайдалану;

4) іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануы мен Инспекцияның қаулысына шағымдану.

37. КББ қызметкери көлік құралдарының жүріп өтуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде өзінің жеке қауіпсіздігі бойынша мынадай негізгі шараларды сактайды:

1) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жол қозғалысының қатысушыларына айқын көріну және дер кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкіндігіне ие болу үшін орын таңдайды;

2) тәуліктің қараңғы кезінде және көру мүмкіндігінің шектеулі жағдайында жарықтандырылған жол участкелерінде бақылау жүргізеді, жарық шығаратын жezл мен жарық шағылдырғыш формасы болады;

3) жол жамылғысының тайғақ участкесінде тұруына болмайды;

4) тәуліктің қараңғы кезінде көлік құралдарын тоқтату үшін жолдың ең жарық участкесін таңдайды, мүмкін болмаған жағдайда – арнайы автокөлік құралы фарының немесе арнайы жарық сигналдарының жарығын пайдаланады;

5) егер көлік қозғалысына немесе өзінің жеке қауіпсіздігіне кедергі келтіретін болса, жол жиегінде тұрып құқық бұзушылықты болдырмайды.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік  
бақылау бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
1-қосымша

## **Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мулік тізбесі**

1. Стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобиЛЬДІ таразылары

2. Телевизиялық бейнебақылау жүйесі
3. Компьютер
4. Ксерокс
5. Байланыс құралы
6. Өлшеу құралдары (габариттік рама, рулетка)
7. Термометр (жаз мерзімінде бақылау үшін)
8. Өрт сөндіру және алғашқы медициналық жәрдем көрсету құралы
9. Қатаң есептегі бланкілерді сақтау сейфі
10. Қызметкерлер үшін жұмыс орындары
11. Арнайы автокөлік
12. Ақпараттық стенд
13. Нормативтік-техникалық құжаттама
14. Көлік құралдарын тоқтату үшін жezл
15. Аудиобейнежазба құрылғысы

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік  
бақылау бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
2-қосымша

## **Жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесі**

1. Жылжымалы мобиЛЬДІ таразылар
2. Бейнетіркегіш
3. Телевизиялық бейнебақылау жүйесі
4. Спутниктік навигация аппаратурасы
5. Компьютер немесе аудиоспалы ноутбук
6. Ксерокс
7. Үтқыр байланыс құралы
8. Өлшеу құралы (рулетка)
9. Термометр (жазғы уақытта бақылау үшін)
10. Өрт сөндіру және алғашқы медициналық көмек көрсету құралы
11. Қатаң есептегі бланкілерді сақтау сейфі
12. Нормативтік-техникалық құжаттама
13. Көлік құралдарын тоқтату үшін жезл
14. Қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маягі
15. Дауыс қүшейткіш құрылғысы
16. Аудиобейнежазба құрылғысы

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік

бақылау бекеттерінің жұмысын  
үйімдастыру қағидаларына  
3-қосымша

## МАРШРУТ КАРТОЧКАСЫ

жылжымалы көліктік бақылау бекетінің № \_\_\_\_\_

(көліктік бақылау органның атауы)

## Көліктік бақылауды жүзеге асыру маршруты

(километрдің көрсетуімен автожолдың атауы)

## Бақылауды өткізу кезеңі

(бақылауды өткізу күні мен уақыты)

Ұзақтығы, километр

## Ауысымның құрамы

(Т.А.Ә а., лауазымы)

№	Автожолдың бакылауға алынған участкесінің атауы мен км	Бакылауды өткізу уақыты	ЖКББ ауысым қызметкерінің қолы

Маршрут карточкасы берілді \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә а., лауазымы) (қолы) (күні)

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік  
бакылау бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
4-косымша

## Отандық автокөлік күралдарының өтуін тіркеу журналы

Ж ү к  
жөнелтүшінің алушының

№ т/ б	КББ-нің атауы	Автокөлік құралын тіrкеу күні	Автокөлік құrалын тіrкеу уақыты	Автокөлік құrалының мемлекеттік нөмірі	Tіrkemесінің /жартылай тіrkemесінің мемлекеттік нөмірі	Ж ү к тасымалдаушының реквизиттері (ел атауы, заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН, телефон) жүргізушінің Т.А.Ә а.	реквизиттері (ел атауы, заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН, телефон)	реквизиттері (ел атауы, заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН)	Сапар бағыты, жүктеу және түсіру бекеттері (мемлекеттер атауын көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

## Шетелдік автокөлік құралдарының өтуін тіrкеу журналы

№ т/ б	КББ-нің атауы	АКҚ тіrкеу күні	АКҚ тіrкеу уақыты	А К К мемлекеттік нөмірі	Tіrkemесінің / жартылай тіrkemесінің мемлекеттік нөмірі	Ж ү к тасымалдаушының реквизиттері (ел атауы, заңды тұlғаның атауы немесе жеке тұlғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН, телефон) жүргізушінің Т.А.Ә а.	Ж ү к жөнелтушінің реквизиттері (ел атауы, заңды тұlғаның атауы немесе жеке тұlғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН)	Ж ү к алушының реквизиттері (ел атауы, заңды тұlғаның атауы немесе жеке тұlғаның Т.А.Ә а., мекен-жайы, тұrғылықты орны, салық органындағы тіrкеу орны, ЖСН, БСН)	А К К тіrкелген елі	Сапар бағыты, жүктеу және түсірі бекеттері (мемлекеттер атауын көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КББ – көліктік бақылау бекеті;

АКҚ – автокөлік құралы;

Т.А.Ә а. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмері;

тн. – тонна;

ХЖТ кітапшасы – халықаралық жол тасымалдау кітапшасы

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік  
бақылау бекеттерінің жұмысын  
үйімдастыру қағидаларына

5-қосымша

## Мөртабан үлгісі

Көлік құралының бақылаудан өткенін ресімдеу тәменде көрсетілген үлгідегі мөртабан қоюмен жүзеге асырылады

(көліктік	бақылау	бекетінің	атауы	немесе	№)
Б А Қ Ы Л А У				Ө Т И Л Д И	
Лауазымы,	Т.А.Ә	a.			
" "	20	ж. қолы			

Мөртабан көк түсті 50x30 миллиметр көлемінде тікбұрыш түрінде жасалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК